

"Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 522-IV Заңы

1-бап. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 176-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 7-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) бақылау және қадағалау органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғандығы анықталған жағдайларда, оларды тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тартуға;»;

2) 12-баптың 3-тармағында:

7) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«7) сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдарды;» ;

«10) бақылау және қадағалау органдары жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органда тіркелетін тексерулерді;» ;

12) тармақшадағы «адамдарды арнайы есепке алу ісін жүргізуді жүзеге асырады» деген сөздер «адамдарды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) тармақша мен толықтырылсын:

«13) адамдардың қаза болуына немесе жаралануына әкеп соққан жол-көлік оқиғаларын арнайы есепке алуды жүзеге асырады.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н. НАЗАРБАЕВ*